

**Кафедра филиалын ұйымдастыру туралы
КЕЛІСІМ-ШАРТ № _____**

« _____ » _____ 20__ ж.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамы, бұдан әрі «Университет», Университеттің №16-Н, 10.01.2024 ж. бұйрығы негізінде әрекет ететін Академиялық мәселелер жөніндегі басқарма мүшесі, проректор **Мясникова Людмила Николаевна** атынан және _____ бұдан әрі «Ұйым», Жарғысы негізінде әрекет ететін _____, ал бірге аталуы «Тараптар», төмендегідей келісім-шарт жасасты:

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Тараптар _____ базасында «Қ.Жұбанов атындағы АӨУ» КЕАҚ _____ кафедра филиалын құруға келісті.

Кафедра филиалын құру мақсаты – оқу процесін нақты өндіріске барынша жақындату, тәжірибеге бағытталған білім беруді жүзеге асыру, кадрлық және материалдық-техникалық мүмкіндіктерін тиімді пайдалану, білім алушыларды қатыстыра отырып бірлескен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, білікті мамандарды дайындау сапасын жақсарту.

2. ҰЙЫМНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

2.1. Жұмыс берушілердің модульдік білім беру бағдарламаларын, элективті пәндер каталогын жасақтауға, талқылауға, жобалауға, қабылдауға, бекітуге және іске асыруға қатысуы.

2.2. Білім алушыларды дуальды оқытуды ұйымдастыру.

2.3 Элективті курстарды енгізу кезінде ректордың атына келісім-хат жіберу қажет.

2.4. Кафедра филиалының жұмысына қажетті жағдай жасау:

- оқу сабақтарын өткізу үшін оқу аудиторияларын бөлу және жабдықтау;
- оқу сабақтары мен ғылыми зерттеулер жүргізу үшін жабдықтар, құралдар, басқа да техникалық оқыту құралдарын ұсыну;
- білім алушылар мен оқытушылардың қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз ету;
- кафедраны шығарылатын өнімнің, препараттардың және т. б. үлгілері түрінде көрнекі құралдармен жабдықтауда практикалық көмек көрсету;
- бірлескен ғылыми-зерттеу жұмысына және оның нәтижелерін өндіріске енгізуге мүмкіндік беру;
- білім алушылардың тәжірибесін өткізуге келісім-шарттар жасау.

2.5. Оқу-әдістемелік және ғылыми қызметті жүргізу үшін филиалды ұйымның білікті қызметкерлерімен қамтамасыз ету.

2.6. Білім алушылардың дипломдық жұмыстарының (жобаларының) және кафедраның ғылыми зерттеулерінің тақырыптарын ұйымның қажеттілігі мен мүмкіндіктерін ескере отырып келісуге қатысу.

2.7. Кафедра оқытушыларының ұйымда тағылымдамадан өтуі үшін жағдай жасау.

3. УНИВЕРСИТЕТТІҢ МІНДЕТТЕРІ

3.1. Ұйым базасында филиал шеңберінде _____ білім беру бағдарламалары бойынша жоспарлау:

- зертханалық, практикалық сабақтар;
- білім алушылардың кәсіби тәжірибесі;
- бітіру біліктілік жұмыстары (жобалар);
- әдістемелік нұсқаулар мен ұсынымдар дайындау;

- _____ тақырып бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу;
- зерттеу нәтижелерін өндіріске енгізу.

3.2. Филиалды жоғары білікті оқытушылармен қамтамасыз ету.

3.3. Филиалдың жұмысына білікті басшылықты қамтамасыз ету, оның ішінде:

- филиалдың жұмыс жоспарын әзірлеу;
- оқу кестесін құру;
- сабақ кестесін құру;
- ғылыми-зерттеу жұмысының орындалуын үйлестіру;
- филиалдың жұмысы туралы есептерді тындау.

3.4. Дипломдық жобалар мен ғылыми зерттеулердің тақырыбын ұйымның қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып келісу.

3.5 Кәсіпорындардың өтінімдері бойынша шарттық негізде мамандарды мақсатты даярлауды жүргізу.

4. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ МЕН ТАЛАПТАРЫ

4.1. Келісім-шарт екі тарап қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және 5 жыл бойы әрекет етеді. Келісім-шарт оны жасасуға қатысушы тараптардың келісімі бойынша ұзартылуы немесе бұзылуы мүмкін. Келісім-шартқа өзгерістер мен толықтырулар шартқа қосымшалар түрінде жазбаша нысанда енгізіледі.

4.2. Тараптардың бірі келісім-шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді бұзған жағдайда, екінші Тарап 10 күн бұрын жазбаша хабардар ете отырып, Келісім-шартты бұзуға құқылы.

4.3. Келісім-шарт тең күші бар 2 данада жасалды: біреуі университетте, екіншісі кәсіпорында сақталады.

5. ТАРАПТАРДЫҢ МЕКЕН ЖАЙЫ МЕН РЕКВИЗИТТЕРІ

«УНИВЕРСИТЕТ»

ҚР ҒЖБМ «Қ.Жұбанов атындағы

Ақтөбе өңірлік университеті»

коммерциялық емес АҚ

(ұйымның атауы)

030000 Ақтөбе қаласы, Астана ауданы

А.Молдағұлова даңғылы 34

(занды мекен-жайы)

Қазақстан Республика

БИН 130840021720

ИИК KZ476010121000035330

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ-да

БИК HSBKKZKX

КБЕ 16

8 (7132) 56-82-80

(қала коды көрсетілген байл. телефоны)

Академиялық мәселелер жөніндегі

басқарма мүшесі, проректор

Мясникова Л.Н.

Т.А.Ә.

«ҰЙЫМ»

(мекеме (ұйым) атауы)

(заң тұлғаның мекен-жайы)

(РНН, ИИК)

(БИН, БИК, Кбе, банк)

(телефон, қала кодымен)

Директор

колы

Аты-жөні

МО

МО